ЖАҢАЛЫҚТАР ШЫҢЫ
ВЕРШИНА НОВОСТЕЙ

# Alatau ZHULDYZY

www.alatau-zhuldyzy.kz
пошта: news@alatau-zhuldyzy.kz

news@alatauzhuldyzy.kz
www.alatau-zhuldyzy.kz

Аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет ■ Районная общественно-политическая, социально-экономическая газета

№4 (4709), 30 қаңтар 2026 жыл | 30 января 2026 года




## ПРЕЗИДЕНТ БАС ПРОКУРАТУРАДА ЖИЫН ӨТКІЗДІ

**Мемлекет басшысы елімізде ауқымды өзгерістер жасалып жатқанын және алдымызда Конституциялық реформа жүргізу, мүлде жаңа саяси жүйеге қадам басу міндеті тұрғанын айтты. Сонымен қатар жаңа дәуірде барлық салаға цифрландыру мен жасанды интеллектіні жаппай енгізу жұмысымен белсенді түрде айналысу қажет екенін атап өтті.**

– Қоғамымызға, жалпы елімізге заң үстемдігі, тәртіп мықтылығы ауадай қажет. Кейбір шет елдерде болып жатқан қазіргі өте күрделі ахуалды көріп, бұл саясатымыздың дұрыстығына бәріміздің көзіміз жетіп отыр, оған ешқандай күмән жоқ. Заң мен тәртіп мемлекеттік саясатымыздың негізгі қағидаты ретінде қабылдануы керек, бұл қағидатты жаңа Конституциямызға міндетті түрде енгізу қажет деп санаймын. Себебі бұл ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын, өміршең қағидат екені даусыз. Бас прокуратураның осы саладағы рөлі аса маңызды. Прокуратура қызметкерінің заңның бұзылуына бейтарап, селқос карауға құқығы жоқ, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау жүйесін цифрландыру үдерісі біркелкі емес, яғни әр жерде әрқалай жүргізіліп жатқанына назар аударды.

– Әр мекеме цифрлық жүйесін өз бетімен дамытуда. Бұл шаруа жүйесіз жүргізіліп жатыр. Біртұтас жүйе жоқ. Мысалы, кейбір органдар цифрлық тәсілдерді ұтымды қолданып жұмыс істеуде. Ал кейбірі дұрыс амал-тәсіл таба алмай, қыруар қаржы жұмсап жүр. Бұл, басқа сөзбен айтқанда, нағыз жымқыру. Сондықтан қаражатты орынсыз жұмсап, жаңа дүние жасаудың қажеті жоқ. Үкіметке қолданыстағы барлық цифрлық шешімдерді саралап, тексеріп, олардың тиімділігін арттыруды тапсырамын. Күштік құрылымдарға арналған түсінікті құрылымы бар және технологиялық стандарттары біркелкі бірыңғай цифрлық экожүйе жасалуға тиіс, –деді Мемлекет басшысы.

Президент азаматтардың дербес деректерін қорғау қажет екенін айтты.

– Ақпараттық кеңістікте азаматтардың дербес деректері жарияланып кеткені туралы хабар жиі шығып жатады. Дербес деректерді барынша қорғау үшін бұл жұмыспен жүйелі түрде айналысу керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы киберқылмыспен күрес мәселесіне тоқталды.

– Әлемде киберқылмыс өршіп барады. Жыл сайын мыңдаған азаматымыз соның құрбаны болып жатыр. Қазір интернеттегі алаяқтық қылмыстардың бестен бірі ғана ашылады. Бұл – өте төмен көрсеткіш. Киберқылмыспен күрес тәсілдерін түбегейлі қайта қарау қажет.

*(Жалғасы 2-бетте)*


→ 2-бет

**ӘДІЛ ТАҢДАУ – ЕЛ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ**


→ 3-бет

**ЖАСТАР АРАСЫНДА ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ – ОРТАҚ МІНДЕТ**


→ 6-бет

**ХЛЕБ ТРЕБУЕТ ТЕПЛА И ДОБРОТЫ**


→ 7-бет

**ХРАНИТЕЛЬ ЛЕСНОГО ЦАРСТВА**

## ПРОДВИНУТЫЙ ОКРУГ, ИНИЦИАТИВНЫЕ ЖИТЕЛИ


→ стр. 4-5

## БАСПАСӨЗ – 2026

**«ALATAU ZHULDYZY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ ДА, МАҚАЛАҢЫЗДЫ ТЕГІН ШЫҒАРЫҢЫЗ!**

Құрметті оқырман!

***«ALATAU ZHULDYZY» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр.***
***Осы айдан бастап газетке жазылушылар үшін керемет мүмкіндік.***
***Бір жылға жазылған оқырман газетке жақындарын туған күн немесе басқа да қуаныштарымен құттықтап, тілегін тегін жеткізе алады.***

| индекс 65540 | индекс 15540 |
|---|---|
| Талғар ауданы тұрғындары үшін | Мекемелер мен ұйымдар үшін |
| 3 айға жазылу бағасы – 1716,98 теңге | 3 айға жазылу бағасы – 1975,48 теңге |
| 6 айға жазылу бағасы – 3433,96 теңге | 6 айға жазылу бағасы – 3950,96 теңге |
| 12 айға жазылу бағасы – 6867,92 теңге | 12 айға жазылу бағасы – 7901,92 теңге. |

**ГАЗЕТКЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАЗПОШТА БӨЛІМШЕЛЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛА АЛАСЫЗДАР!**

# ДИМАШТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕРАСЫ ҚЫТАЙДА ӨТЕДІ

Биылғы 5 ақпанда Қытайдың танымал Hunan TV телеарнасында халықаралық музыкалық Voice Beyond Horizon жобасының ресми премьерасы өтеді. Бағдарламаның түсірілімі толық Қазақстанның туристік локацияларында өтті және 6 өңірді қамтыды.

Жоба Димаш Құдайбергеннің бастамасымен қолға алынып, Hunan Broadcasting System медиахолдингімен бірге жүзеге асырылды. Voice Beyond Horizon әртүрлі елдердің өнерпаздарын біріктірумен қатар Қазақстанның табиғи әралуандығын және туристік әлеуетін миллиондаған көрерменге таныстырады. Түсірілімдер Түркістан, Маңғыстау, Алматы және Ақмола облыстарында, Астана мен Алматы қалаларында өтті.

Жобаға Қазақстанның, Қытайдың, Қырғызстанның, Италияның, Малайзия мен Сербияның орындаушылары қатысады. Өткен жылдың қыркүйек айында олар Қазақстан өңірлерін аралап, 7 мың шақырымнан астам жол жүріп өтті. Жоба бағыты көне Түркістанды, Бозжыраның ерекше көріністерін және Каспий теңізі жағалауын, табиғи інжу-маржанға айналған Қайыңды мен Көбейтүз көлдерін, туристік Саты ауылын, Қапшағай су қоймасын, Щучинск-Бурабай курорттық аймағын қамтыды.

"Voice Beyond Horizon" жобасының ресми көрсетілімі Қытайда аудиториясы 1,9 миллиардтан асатын Hunan TV телеарнасы мен Mango TV цифрлық платформасында, Қазақстанда «Qazaqstan» ұлттық арнасында өтеді.

Жобаға «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы, Туризм және спорт, Мәдениет және ақпарат министрліктері, Астана, Алматы қалаларынын және Алматы, Ақмола, Түркістан, Маңғыстау облыстарының әкімдіктері ұйымдастырушылық қолдау көрсетіп, демеушілер ретінде «Qarmet», «Қазақмыс», «Алтын Алмас» компаниялары мен Нұрлан Смағұлов қоры да атсалысты.



## ХАБАРЛАНДЫРУ

09.02.2026 жылдан бастап бес жұмыс күні ішінде «Қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» ақпараттық жүйесінде https://hearings.ndbecology.gov.kz/ «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша «Алматы облысы Талғар ауданы Талғар қаласындағы сумен жабдықтау желілерін қайта жаңарту» нысаны бойынша ЖСҚ әзірлеу II кезек жұмыс жобасына қоғамдық талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Жоспарланған іс-шаралардың бастамашысы: Талғар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі, Талғар қаласы, Д. Қонаев көшесі, 65, тел. 87755300511, e-mail: talgar_zhkh@mail.ru.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Жәнекенов атындағы жобалау институты» ЖШС, 8 702 225 25 88, e-mail: vodtk@mail.ru/.

Ескертулер мен ұсыныстар 09.02.2026 – 13.02.2026 жылдар аралығында 5 жұмыс күні ішінде қабылданады https://hearings.ndbecology.gov.kz/ сайтында, сондай-ақ «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті» ММ мекенжайы бойынша, тел. 8 (7282) 32-92-67, 7su_expertiza@mail.ru, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

С 09.02.2026 г. в течение пяти рабочих дней на информационной системе Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов https://hearings.ndbecology.gov.kz/ будут проводиться общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Реконструкция сетей водоснабжения в г.Талгар Талгарского района Алматинской области. II-очередь».

Инициатор намечаемой деятельности: ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Талгарского района» г.Талгар, ул. Д. Конавеа, 65, тел. 87755300511, e-mail: talgar_zhkh@mail.ru.

Разработчик экологического проекта: ТОО «Проектный институт имени Джанекенова Ж.Р.» тел. 8 702 225 25 88, e-mail: vodtk@mail.ru/.

Замечания и предложения принимаются в течение 5 рабочих дней с 09.02.2026 по 13.02.2026 г. на сайте https://hearings.ndbecology.gov.kz/, а так же по адресу МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», тел. 8 (7282) 32-92-67, 7su_expertiza@mail.ru, г. Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра 26.

## НАСЛЕДСТВО

1.Открылось наследственное дело после смерти Смагулова Темиркана, 01 декабря 1953 года рождения,умершего 16 августа 2025 года. Возможных наследников и заинтересованных лиц просим обратиться к частному нотариусу: Нурмолдаеву М.К. по адресу: Алматинская область,Талгарский район, село Бельбулак, улица Тороманова дом №65 «Г», конт. тел.: 8 (727)3049526.

2.Открылось наследственное дело после смерти Наводиловой Культаша Сутубаевны, 01 октября 1944 года рождения,умершей 08 сентября 2025 года. Возможных наследников и заинтересованных лиц просим обратиться к частному нотариусу: Нукеевой А.Б. по адресу: Алматинская область,Талгарский район, г.Талгар, улица Кунаева дом №214, конт. тел.: 87024662773,87472871107.

3.Открылось наследственное дело после смерти Бороновой Алии Канайбековны, 29 октября 1967 года рождения,умершей 26 мая 2024 года. Возможных наследников и заинтересованных лиц просим обратиться к частному нотариусу: Ахметова Э.Б. по адресу: Алматинская область,Талгарский район, г.Талгар, улица Лермонтова дом №53, конт. тел.: 8 701 298 7777.

4.Открылось наследственное дело после смерти Каюповой Клары Кабидиллаевны, 01 августа 1965 года рождения, умершей 04 ноября 2025 года. Возможных наследников и заинтересованных лиц просим обратиться к частному нотариусу: Мекебаевой С.Е. по адресу: Алматинская область,Талгарский район, город Талгар, улица Лермонтова 47-22 (на против ЦОНа) конт.тел.: 8 701 843 0156.

5.Открылось наследственное дело после смерти Серікұлы Санжар, 07 августа 1999 года рождения,умершего 18 января 2026 года. Возможных наследников и заинтересованных лиц просим обратиться к частному нотариусу Әлібек Нұрбақыт Бақытжанұлы по адресу; Алматинская область, Талгарский район г.Талгар, улица Лермонтова 45/1 .Конт.тел.:8 777 702 51 55.

6.Открылось наследственное дело после смерти Бутакова Александра Юрьевича, 01 ноября 1959 года рождения,умершего 19 июля 2025 года. Возможных наследников и заинтересованных лиц просим обратиться к частному нотариусу: Елубаевой Гульмире Одабаевне по адресу: Алматинская область,Талгарский район, село Панфилова, улица Томаровского дом №4 офис 01.

Талгарский район

«ALATAU ZHULDYZY» ГАЗЕТІ
Меншік иесі – «Alatau zhuldyzy» ЖШС

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 05.05.2023 жылы тіркеліп, №KZ78VPY00069629 куәлігі берілген.

Газет мемлекеттік және ресми тілдерде шығады.

ДИРЕКТОР – Хакима КАЛИЕВА

БАС РЕДАКТОР – Гауһар ТҰРСЫНҚОЖА

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:
Талғар қаласы,
Т. Рысқұлов көшесі, №73, 2 қабат

МАҚАЛА ШЫҒАРУ ҮШІН байланыс нөмері:
8 707 741 80 27, 8 707 388 6710

ХАБАРЛАНДЫРУ, ЖАРНАМА:
8 777 181 4939

Сайт: www.alatau-zhuldyzy.kz
Фейсбук/Инстаграм: @alatauzhuldyzy
e-mail: news@alatau-zhuldyzy.kz

Бас есепші:
Ғалия ҚАЙЫҢБАЕВА

Көркемдеуші-дизайнер:
Марат БАҚЫТҰЛЫ

Газет аптасына 1 рет, жұма күні жарық көреді.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Авторлар қолжазбасы кері қайтарылмайды.

- Авторлың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
- Көлемі (14 шрифт) үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды
- «Alatau zhuldyzy» газетінде жарияланған материалдар мен
- фотосуреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасау міндетті.

«Alatau zhuldyzy» газеті ЖШС компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

НӨМІРДІҢ ТАРАЛЫМЫ – 1200 дана
Тапсырыс – 50

«Alatau zhuldyzy» газетінің жазылу индексі:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15540

Жеке жазушылар үшін – 65540

Газет «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылады. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй